

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 1-беті




САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБА) ЖАЗУҒА ЖӘНЕ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.06-2023

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Өзірлеген:		
Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы м.а.		Есентуреева Г.Д.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 2 » 11 20 23 ж. « 4 » 11 20 23 ж. дейін ұзартылды: « ____ » ____ 20 ____ ж.	Енгізілді: № 4-204 бұйрық Енгізілген күні: « 2 » 11 20 23 ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.06-2023 Басылым 1 Тіркеу № 8 Көшірме № ____
--	---	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 2-беті

Мазмұны

1 Қолдану аймағы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер және анықтамалар	4
4 Белгілер және қысқартулар	5
5 Жауапкершіліктер мен өкілеттіліктер	6
6 Жалпы ережелер	6
7 Тәуекелдерді басқару	21
А қосымшасы Дипломдық жұмыс жазуға білім алушының өтінішінің үлгісі	23
Б қосымшасы Дипломдық жұмыс (жоба) мұқабасының үлгісі	24
В қосымшасы Дипломдық жұмыс (жоба) титул парағының үлгісі	25
Г қосымшасы Дипломдық жұмысты (жоба) орындауға тапсырма парағының үлгісі	26
Д қосымшасы Суретті рәсімдеу үлгісі	28
Е қосымшасы Кестені рәсімдеу үлгісі	29
Ж қосымшасы Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі	30
И қосымшасы Дипломдық жұмыс (жоба) жетекшісінің пікірінің үлгісі	33
К қосымшасы Білім алушының дипломдық жұмысына (жобаға) рецензия жазу үлгісі	34
Л қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	36

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 3-беті

1 Қолдану аймағы

1.1 Бұл ереже Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде (бұдан әрі – Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ) жүргізілетін білім беру бағдарламаларына арналған дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға және орындауға жалпы талаптарды белгілейді.

1.2 Ереже талаптары университет білім алушыларының оқу қызметін ұйымдастыратын барлық құрылымдық бөлімшелер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

1.3 Бұл ереже Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) құжаттамасына енгізілген.

1.4 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға таратуға тыйым салынады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

ҚР СТ ИСО 9001:2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

ҚР СТ ИСО 9000:2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 5.01-2023 сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Мәліметтерді талдау. Басшылық тарапынан сапа менеджмент жүйесін талдау.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген).

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген).

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің академиялық саясаты (№4, 26.10.2023ж).

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген).

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 4-беті

ГОСТ 7.1-2003 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Рәсімдеудің жалпы талаптары мен ережелері;

ГОСТ 7.32-2017 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Зерттеу есебі. Құрылым мен дизайн ережелері;

ГОСТ 2.111-2013. Жобалау құжаттамасының бірыңғай жүйесі. Норманы бақылау;

ГОСТ 2.105-95 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар;

ГОСТ 2.104-2006 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (ЭСКД). Негізгі жазбалар;

ГОСТ 2.316-2008 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Графикалық құжаттарға жазуларды қолдану ережелері, техникалық талаптар мен кестелер. Жалпы ережелер;

ГОСТ 7.1-84 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы. Жалпы талаптар мен ережелер.

Университеттің Академиялық саясаты Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қайта қаралып, өзгеріспен бекітілді (№ 4 хаттама, 26.10.2023 ж.).

2.2 Ережеде келесі жазбалар бойынша іс-әрекетке ендіріледі:

- Ф.7.06-01 Дипломдық жұмыс жазуға білім алушының өтініші
- Ф.7.06-02 Дипломдық жұмыс (жоба) мұқабасы мен титулдік беті
- Ф.7.06-03 Дипломдық жұмыс (жоба) орындауға тапсыра парағы
- Ф.7.06-04 Дипломдық жұмыс (жоба) жетекшісінің пікірі
- Ф.7.06-05 Білім алушының дипломдық жұмысына (жоба) рецензия жазу

3 Терминдер мен анықтамалар

Ережедеде терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9000: 2017, ҚР СТ ИСО 9001: 2016, ГОСТ 7.1-84 сәйкес қолданылады және қосымша ретінде мыналар қолданылады: Дипломдық жұмыс (жоба): Дипломдық жұмыс, бұл өз бетінше оқу нәтижелерін жалпылау, студент анықтайтын өзекті мәселені зерттеу және білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін осы мәселені шешу бойынша шаралар кешенін әзірлеу.

Оқудағы жетістіктерді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі: Оқу жетістіктерін балмен бағалайтын халықаралық тәжірибеде қолданылатын бағалау жүйесі, дәстүрлі бағалар мен бағаның пайыздық мөлшерін әріптік жүйе бойынша бағалаудан тұратын сандық балама балмен сәйкестендірілген және білім алушылардың рейтингін анықтайтын жүйе;

Білім алушылардың қорытынды аттестациясы (Qualification Examination): оның нәтижелері бойынша білімі туралы құжат (диплом) берілетін және академиялық дәреже тағайындалатын, білім алушылардың білім

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 5-беті

берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін процедура.

Дипломдық жұмыс (жоба): Сәйкесінше саланың нақты білім беру бағдарламасының өзекті мәселелерін студенттің өздігінше зерттеу нәтижесінің қорытындысы ретінде қарастырылатын бітіруші жұмысы.

Магистерлік диссертация: Сәйкесінше саланың нақты білім беру бағдарламасының өзекті мәселелерінің бірін магистрантпен жүргізілген өздігінше ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерінің жиынтығы ретінде қарастырылатын бітіруші жұмысы;

Докторлық диссертация: Өзіндік зерттеу жұмысы ретінде қарастырылатын ғылыми жұмыс, бұл жұмыста ғылыми жұмыстар жетістігінің жаңашылдығы ретінде жіктеме жиынтығын теориялық жай күйі жасалған немесе әлеуметтік – мәдени немесе экономикалық маңызы бар ғылыми мәселелері шешілген, сонымен бірге ел экономикасы дамуына маңызды үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдері қарастырылған ғылыми жұмыс.

4 Белгілер мен қысқартулар

Бұл ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР ҒЖЖБМ - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ – Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет;

СБӨ - Сапа бойынша басшылықтың өкілі;

МЖМБС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

СЖЖМБ – Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

АКІД–Академиялық істер департаменті;

ОПЦжӘҚБ– Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі;

ЖООКББ–Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі;

БТҚКБ–Бағдарламалық және техникалық қызмет көрсету бөлімі

ҚОТ – қашықтықтан оқыту технологиясы;

ББ- Білім беру бағдарламасы;

ҚБЖ – Қорытынды біліктілік жұмыс;

ҚА–қорытынды аттестация;

АК–аттестациялау комиссиясы;

КЖ – курстық жұмыс (жоба);

ДЖ – дипломдық жұмыс (жоба);

ОН–Оқу нәтижесі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 6-беті

5 Жауапкершілік пен өкілеттілік

5.1 Бұл ережені Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы - Ректор бекітеді.

5.2 Осы процедураның мазмұны мен құрылымын жасау, оны СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес рәсімдеу, бекіту және ендіру, басқару жауапкершілігі академиялық істер департаментінің директорына жүктеледі.

5.3 Осы процедурада белгіленген талаптардың орындалуына байланысты жауапкершілік сапа бойынша басшылық өкіліне және академиялық істер департаментінің директоры мен оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысына жүктеледі.

5.4 Процестің нақты кезеңдерін орындау бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен үйлестіру және қорытынды нәтижелердің сапасы бойынша жауапкершілік, осы нақты кезеңнің орындалуына қатысушы, бөлімдердің жетекшілеріне жүктеледі.

5.5 Е-де өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АқІД директоры енгізеді (**Л қосымшасы**).

6 Процестің сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелері

6.1.1 Дипломдық жұмыс (жоба) білім алушылардың білім беру бағдарламасында көрсетілген жағдайда оқудың соңғы кезеңінде орындалатын жазбаша бітіру жұмысы болып табылады.

Дипломдық жұмыс (жоба) қорытынды біліктілік жұмысының бір түрі ретінде теориялық немесе эксперименттік зерттеулерден, есептеулерден, суреттерден, компьютерлік бағдарламалардан және түсіндірме жазбадан тұрады.

Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы.

Дипломдық жоба – білім беру бағдарламасының бейініне және басқа жобаларға сәйкес қолданбалы есептерді өз бетінше шешу студенттің бітіру жұмысы болып табылады.

Дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы

Дипломдық жоба оқулықтың кез келген бөлімінің әдістемелік әзірлемелері (нұсқаулықтары), жұмыс дәптері, тапсырмалар, тест, дидактикалық материалдар жинағы ретінде және көрнекі құралдар, компьютерлік бағдарламалар, бейне сабақтар, презентациялар даярлау түрінде ұсынылуы мүмкін

6.1.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау мақсаты:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 7-беті

- ББ бойынша теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту, және оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді, сонымен қатар, мәдени бағыттағы мәселелерді шешу үшін қолдану;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту және ғылыми зерттеу әдістемесін меңгеру, материалды жалпылау және логикалық баяндау, әзірленген есептер мен мәселелерді шешуде тәжірибе жасау;

- заманауи өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайларында студенттің өзіндік жұмыстарға дайындығын, сонымен қатар, оның кәсіби құзырет деңгейін анықтау;

6.1.3 Дипломдық жұмыста (жобада) нақты ББ сәйкес ғылым саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу және өздігінен анықтаудың жалпылама нәтижелері көрсетіледі.

6.1.4 Дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің көмегімен жүзеге асырылады және төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- ғалымдардың, сарапшылардың және практиктердің жүргізген зерттеулерінің, жобалық шешімдерінің нәтижелерін жалпылау;

- зерттеліп отырған нысан бойынша ғылыми негізделген теориялық мәліметтердің болуы;

- нақты тапсырманың орындалуын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелердің болуы.

Дипломдық жобаларды орындау және қорғау барысында бітірушілер көрсетуі керек:

- білім деңгейін (жалпы эрудиция, жалпы кәсіптік білім, арнайы және кәсіптік білім);

- кәсіби құзіреттілік (білім беру бағдарламасындағы қолданбалы есептерді өз бетінше шешуде алған білімдерін қолдана білу);

- топта және жобалық топ ішінде де жұмыс істеу, Сондай-ақ, бақа жерлерде де ортақ тіл таба білу;

- өз ойын дәйекті және нақты жеткізе білу, өз идеялары мен ұсыныстарын баяндау және қорғау.

6.1.5 Дипломдық жұмыста (жобада) қабылданған шешімдер үшін барлық мәліметтердің нақтылығы мен объективтілігі студентке - дипломдық жұмыстың (жобаның) авторына жүктеледі.

Студенттердің үздік дипломдық жобаларын патенттер, авторлық куәліктер алу үшін ұсынылуы мүмкін

6.1.6 Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

- тақырыпты таңдау және оны бекіту;

- жұмыс кестесін құру, басшымен келісу;

- таңдалған тақырып бойынша материалдарды жинау, талдау және жалпылау;

- негізгі теориялық ережелерді тұжырымдау;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 8-беті

- әдістер мен эксперименттік зерттеулерді таңдау;
- қорытындыларды, практикалық қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және тіркеу, пайдаланылған әдебиеттер көздерінің тізімі, қосымшалар, демонстрациялық плакаттар (презентациялар), графиктер, диаграммалар, кестелер, суреттер;
- StrikePlagiarism.com бағдарламасында бірегейлікті тексеру;
- стандартты бақылауға жұмысты (жобаны) жеткізу;
- дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін баяндама дайындау;
- дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауға ұсынуға;
- дипломдық жұмысқа (жобаға) ғылыми жетекшінің пікірін алу, рецензия алу және қорғауға жіберу;
- дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау.

Дипломдық жұмыста (жобада) келтірілген барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін студент/студенттер тобы дипломдық жұмыстың (жобаның) автор(лар)ы ретінде жауапты болып табылады.

6.2 Диплом жұмысының тақырыбына қойылатын талаптар

6.2.1 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті, ғылым, техника және мәдениеттің заманауи күйі мен даму перспективасына сәйкес болып, мазмұны бойынша 1.4 тармақта көрсетілген талаптарға сай болуы керек. Дипломдық жұмыстар тақырыптарын анықтау кезінде өндіріс, білім, ғылым және мәдениеттің нақты мәселелерін ескеру қажет.

6.2.2 Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары білім беру бағдарламасына және кадр дайындауының салаларына сәйкес болуы керек.

6.2.3 Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын бітіруші кафедра анықтап, факультет кеңесінде қарастырылып, университеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынылады.

6.2.4 Дипломдық жұмыстардың (жоба) жалпы тізімі жыл сайын кемінде 30%-ға жаңартылып отыруы керек.

6.2.5 Дипломдық жұмыстың (жоба) тақырыбы оқу жылының басында анықталып, студентке ректор бұйрығымен бекітіледі.

6.2.6 Дипломдық жобаның тақырыбын таңдаудың негізгі критерийлері:

- оның өзектілігі, мәселені анықтау;
- практикалық сипаты, яғни әдістемелік әзірleme немесе ұсыныстар дайындау мүмкіндігі;
- мәселені шешудің қолданылатын әдістері;
- ғылым мен техника саласындағы озық жетістіктерді пайдалану.

6.2.7 Бітіру жұмыстарының тақырыбының атауы дипломдық жобаның міндеті мен мазмұнын қысқаша көрсетуі керек, яғни міндеттер мен зерттелетін жұмыстың ақпараттық мазмұнының негізі болуы керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 9-беті

6.2.8 Студенттердің дипломдық жобаларының тақырыптары (педагогикалық бағыттағы) жалпы білім беретін мектептердің (мектепке дейінгі ұйымдардың) жоғары сыныптарының оқу материалын қамтитын оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуге, жобалауға және жетілдіруге бағытталуы тиіс.

6.2.9 Бітіруші кафедралар жобалық топтарды қалыптастыру жұмысын ұйымдастырады. Жобалық топ, әдетте, бір жетекшімен жұмыс істейтін 3 адамнан тұрады. Әр жобалық топқа әр түрлі деңгейдегі студенттер кіруі керек.

6.3 Дипломдық жұмысты жазу ретіне қойылатын талаптар

6.3.1 Студент дипломдық жұмысты (жоба) жазу үшін кафедраның ұсынуымен ғылыми жетекші таңдайды. Жетекшіні таңдағаннан кейін студент өз қолымен бекітілген нысанда факультет деканының атына өтініш жазады (**А қосымша**) және диплом жұмысының (жобаның) жетекшісінің келісімі жөніндегі белгісімен *1-қарашаға* дейінгі мерзімде кафедраға табыс етеді. Кафедра меңгерушісі диплом жұмысының (жобаның) жетекшісін, тақырыбының атауын және рецензенттерін көрсетіп факультет кеңесіне қарауға ұсынады. Факультет деканы факультет кеңесінде қаралған дипломдық жұмыстардың (жобаның) тақырыптары мен жетекшілерін және рецензенттерді бекітуге университеттің ғылыми кеңесіне ұсынады. Көрсетілген мерзімге дейін бекітілген нысанда кафедраға өтініш тапсырмаған студенттер, диплом жұмысының (жобаның) жетекшілерін және тақырыбын бекітуге жасалған бұйрыққа қосылмайды. Диплом жұмысының (жобаның) жетекшілерін және тақырыбын бекітуге жасалған бұйрықты бекіткеннен кейін, тақырып атауын және жаңа жетекші таңдауға өзгерістер енгізуге университет ректоры рұқсат бермейді. Кафедра меңгерушісі бітірушінің диплом алдындағы практикадан өтуі және оның диплом жұмысын (жобаны) жазуы үшін жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз етеді.

6.3.2 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі университеттің ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр білім алушыға дербес бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың (жобаның) рецензенттері ректордың бұйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетіліп тиісті факультеттің деканының ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

6.3.3 Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға жетекшілік жасауды бейін бойынша оқытушылар және (немесе) Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

6.3.4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі:

- дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға тапсырма береді (**Г қосымшасы**);

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 10-беті

- студентке керекті негізгі әдебиеттерді, анықтама және мұрағаттық материалдарды, типтік жобалар мен тақырып бойынша басқа да мәліметтерді ұсынады;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) күнтізбелі кестесінің орындалуын бақылап отыру үшін кеңес беру кестесін анықтайды;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық тарауларының көлемін анықтап, студент пен кеңес берушілердің жұмысын үйлестіріп отырады.

6.3.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тапсырмасы бастапқы материалдар мен көздердің сипаттамасынан, студенттер құрастырған сұрақтардан, ұсынылған әдебиеттерден, графикалық материалдар тізімінен (кестелер, диаграммалар, схемалар және т.б.), дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың толық күнтізбелік графигінен тұрады.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бекітілгеннен кейін дипломдық жұмыстың тапсырмасын аяқталу мерзімін көрсетіп кафедра меңгеруші бекітеді. Дипломдық жұмыстың (жобаның) тапсырмасы дипломдық жұмысқа тігіледі.

6.3.6 Әр тараудың орындалу кезеңдері көрсетілген жұмыстың күнтізбелі кестесі толық мерзіміне құрастырылып, ғылыми жетекшімен келісіледі.

6.3.7 Керек болған жағдайда дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің ұсынуымен ғылыми жетекшілікке бөлінген уақыт есебінен кафедра дипломдық жұмыс (жоба) жеке тараулары (бөлімдері) бойынша кеңесшілерді шақыруына болады.

6.3.8 Кеңесші болып ЖОО профессорлары, доценттері, оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ, басқа ұйымдардың ғылыми қызметкерлері тағайындалуы мүмкін. Кеңесшілер студенттің орындаған сәйкес тарауларын (бөлімдерін) тексеріп қол қояды.

6.3.9 Түлек шығарушы кафедра дипломдық жұмыс (жоба) бойынша жұмыс басталмай тұрып әдістемелік нұсқаулықтар жасап, студентті қаматамасыз ету керек. Бұл нұсқаулықта білім беру бағдарламаларының құзыреттіліктерін ескере отырып, осы ережелерге сәйкес дипломдық жұмысқа (жобаға) қойылатын талаптар көрсетіледі.

6.3.10 Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты (жобаны) орындау бойынша кезеңді есеп беру уақытын белгілейді. Осы уақытта студент ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі алдында жауап береді. Олар дипломдық жұмыстың (жобаның) дайындық дәрежесін анықтап, ол туралы факультет деканына мағлұмат береді.

6.3.11 Дипломдық жұмыс (жоба) ББ бойынша әдебиеттерді (оқулықтарды, оқу құралдары, монографияларды, дәріс курстарын, журналдарды, соның ішінде шетел тіліндегі, нормативтік әдебиеттерді және т.б.). терең оқып меңгеру негізінде жасалады.

6.3.12 Кез-келген дипломдық жұмыс (жоба) тапсырмаға сәйкес перспективті теориялық және практикалық мәселелерді қамтуы керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 11-беті

6.3.13 Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімінде шығармашылық ойын, зерттеу әдістерінің негіздемесін, есептеу әдістері мен компьютерлік технологиялар арқылы алынған есептеулерді, жүргізілген тәжірибелердің сипаттамаларын, оларды талдау мен қорытындыларын, нұсқаулардың техникалық-экономикалық салыстыруын толық ашып, иллюстрациялар, графиктер, эскиздер, диаграммалар, схемалар және т.б. өңделуі керек.

6.3.14 Дипломдық жұмыс (жоба) ЖОО-да, білім беру мекемелерінде, ғылыми ұйымдарда және кәсіпорындарда орындалуы мүмкін.

6.4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) көлеміне, мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптар

6.4.1 Мазмұны бойынша дипломдық жұмыс (жоба) бітіруші курстың студенті білім беру бағдарламасына қарай өз бетінше орындаған қолжазба түріндегі ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

6.4.2 Дипломдық жұмыстың көлемі 40 беттен, ал дипломдық жобаның көлемі 25 беттен кем емес. Қосымшалар дипломдық жұмыстың (жобаның) көрсетілген көлеміне кірмейді.

6.4.3 Мұқаба мен титул парағын рәсімдеу мысалдары сәйкесінше **Б, В қосымшаларда** көрсетілген.

6.4.4 Дипломдық жұмыстың мазмұнында кіріспе, барлық тараулар мен бөлімдердің рет сандары мен атаулары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардың аталуы және дипломдық жұмыстың осы элементтеріне қатысты беттердің саны көрсетіліп, қою қара шрифтпен жазылады.

6.4.5 Кіріспеде дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің қазіргі таңдағы жағдайының талдауы, дипломдық зерттеудің мақсаты, міндеттері және нысандары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу базасы, зерттеу жұмысының құрылымы көрсетілуі тиіс. Кіріспе көлемі 1-3 бет.

6.4.6 Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде зерттеу жұмысының тақырыптарына сәйкес әдебиеттерге шолу жасап, сипаттама, зерттеу әдістері мен әдістемесі және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі. Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімі қажеттілігіне қарай, тарауларға, бөлімдерге, бөлімшелерге (параграфтарға) бөлінеді.

6.4.7 Қорытынды бөлімде дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылары жасалып, қойылған міндеттердің орындалу дәрежесі анықталады және зерттеу нысаны бойынша нақты ұсыныстар беріледі. 1-3 бет.

6.4.8 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделеді және кемінде 20 дереккөзден тұруы тиіс. Оның 50% -ында соңғы 10 жылда жарияланған әдебиеттер болуы керек).

6.4.9 Қосымшаға негізгі бөлімде көрсетілмеген дипломдық зерттеуге қатысты кесте, сурет, нұсқаулық, есептеу және т. б. түрінде ұсынылуы мүмкін материалдар енгізіледі..

6.4.10 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) мәліметтердің дәлдігі мен шынайылығына дипломдық жұмыстың (жобаның) авторы – студент жауапты

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 12-беті

6.4.11 Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтері:

- мұқаба;
- титул беті;
- дипломдық жұмыстың тапсырма парағы;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

6.4.12 Дипломдық жобаның құрылымдық элементтерінің ерекшеліктері:

Дипломдық жобаның құрылымдық элементтері: кіріспе, әдебиетке шолу, таңдама және зерттеу әдістері, нәтижелер және оларды талдау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қорытынды; пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар. Дипломдық жобада тарауларға бөлу қажеттілігі жоқ.

6.4.12.1. Дипломдық жобаның құрылымдық элементтері:

- Мұқаба
- Титул беті
- Дипломдық жобаның тапсырма парағы;
- Мазмұны
- Кіріспеде:
 - ✓ қысқаша сипаттама
 - ✓ жобаның өзектілігін негіздеу (проблеманы анықтау);
 - ✓ жобаның мақсаты;
 - ✓ әр білім алушының қосқан үлесі (атқарған жұмыстары жазылады).
- Әдебиетке шолу (10 әдебиеттен кем емес);
- Таңдама және зерттеу әдістері (зерттеу нысаны, оларды іріктеу, базасы, әдістері);
- Нәтижелер және оларды талдау (жобаның мәні, атқарылатын іс-шаралардың нәтижелері);
- Қорытынды (тұжырымдар, ұсыныстар);
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (кемінде 10 дереккөзден тұруы тиіс оның 50% -ында соңғы 10 жылда жарияланған әдебиеттер болуы керек).
- Қосымшалар (дипломдық жобаның көрсетілген көлеміне кірмейді: көмекші және қосымша материалдар, кестелер, суреттер, графиктер, диаграммалар және т.б.).

6.4.13 Дипломдық жұмыстардың (жобаның) рецензенттерінің пікірі, жетекшінің пікірі; бөтен мәтіннің бар-жоғына мәтіндік құжатты тексеру нәтижелері туралы анықтама (антиплагиат жүйесінен алынған); нормативтік бақылау парағы түптелмейді.

6.5 Дипломдық жұмысты (жобаны) рәсімдеуге қойылатын талаптар

6.5.1 Әрбір дипломдық жұмыс немесе жобаны рәсімдеу бойынша талаптарға сәйкестігін анықтау үшін нормобақылау рәсімінен өтеді. Норма

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 13-беті

бақылаушының міндеті – дипломдық жұмыс немесе жобаның ресімделуінің қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру.

Дипломдық жұмыс (жоба) компьютер мен принтер арқылы А4 қағазының бір жақ бетінде бір интервал арқылы басылып шығарылады. Қаріп – Times New Roman, қалыпты, 14 кегль. Дипломдық жұмыс (жоба) мәтінін шығару кезінде абзац -1,25 см, жоларалық интервал - жалғыз, парақ шеттері келесідегідей болу керек: сол жақ – 30 мм, жоғарғысы – 20 мм, оң жақ – 10 (+3) мм және төменгісі – 25 мм. Терминдер, формулалар, теоремаларға көңіл аудару мақсатымен әртүрлі қаріптерді қолдану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат беріледі.

6.5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) басып шығару әдісіне қарамастан жазылған мәтіннің, иллюстрациялардың, кестелердің, суреттердің сапасы олардың анық жазылуына қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.

6.5.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) жазылу барысында кеткен қателіктер, жаңылыстар және графикалық дәлсіздіктерді тазалап немесе ақ түсті бояумен бояп, машиналық немесе жазбаша әдіспен (қара сиямен) түзетуге болады.

6.5.4 Фамилиялар, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың, өнімдердің аттары және т.б. жалқы есімдер өз тілінде жазылу керек. Жалқы есімдер мен ұйымдардың атын транслитерация арқылы дипломдық жұмыс (жоба) тілінде келтіруге рұқсат етіледі.

6.5.5 Дипломдық жұмыс (жоба) құрылымдық элементтерінің атаулары: «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» осы элементтердің аты болып көрсетіледі.

6.5.6 Дипломдық жұмыс (жоба) тараулар мен бөлімдерге бөлінеді. Әрбір тарау мен бөлім толық қарастырылған бір ақпаратты қамтиды. Барлық тараудың аттары жалпы дипломдық жұмыс (жобаның) тақырыбын, ал бөлімдердің аты сәйкес тараудың тақырыбын ашып көрсету керек.

6.5.7 Тараулар мен бөлімдердің аттары қысқа әрі нақты түрде олардың мазмұнын көрсету керек.

6.5.8 Тараулардың атаулары бас әріптермен басылады. Бөлімдердің аттарын абзацтан және бас әріптен бастап жазу керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, онда оларды нүктемен бөледі.

6.5.9 Дипломдық жұмыстың (жобаның) беттерін араб цифрларымен нөмірлеу керек. Беттер санын төменгі жақтың ортасына нүктесіз орналастыру керек.

6.5.10 Титул парағы жалпы нөмірлеуге кіреді. Титулдық бетте бет санын көрсетпейді.

6.5.11 Басқа беттерде жеке орналасқан иллюстрациялар мен кестелерді дипломдық жұмыстың жалпы нөмірлеуіне қосады. А3 форматында жасалған иллюстрациялар мен кестелерді бір бет деп есептейді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 14-беті

6.5.12 Дипломдық жұмыстың тарауларының реттік нөмірлері болуы керек және араб цифрларымен нүктесіз белгіленіп, абзацтан басталуы керек. Әр тараудың шеңберіндегі бөлімдер де нөмірленуі тиіс. Бөлімдердің нөмірлері нүкте арқылы бөлінген тарау мен бөлімдердің нөмірілерінен тұрады. Бөлімнің нөмірінен кейін нүкте қойылмайды. Тараулар екі немесе одан да көп бөлімдерден тұрады.

Үлгі

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі:

Зерттеу нысаны:

Зерттеу мақсаты:

Зерттеудің міндеттері:

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:

Зерттеу әдістері:

Зерттеу базасы:

Зерттеу жұмысының құрылымы:

1 ТИПТЕР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМДЕР

1.1

1.2

1.3

} Құжаттағы бірінші тарау бөлімдерінің нөмірлері

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

2.1

2.2

2.3

} Құжаттағы екінші тарау бөлімдерінің нөмірлері

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР

6.5.13 Дипломдық жұмыстың әр тарауын жаңа беттен бастау керек. Бір тараудың ішіндегі екі бөлімді бір-бірінен бөлу үшін мәтіннен кейін екі бос жол тастайды.

6.5.14 Дипломдық жұмыс (жоба) беттері мен қосымшалары тура нөмірленуі керек.

6.5.15 Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) дипломдық жұмыста алғашқы рет айтылған мәтінінен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек. Иллюстрациялар, оның ішінде түрлі түсті суреттер, компьютермен жасалуы мүмкін. Дипломдық жұмыста (жобада) барлық иллюстрацияларға сілтеме берілуі керек.

6.5.16 Дипломдық жұмыста (жобада) көрсетілген сызбалар, графиктер, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар Конструкторлық құжаттамалардың бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандартына сай келуі керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 15-беті

6.5.17 Қосымшадағыдан басқа суреттерді араб цифрларымен тура нөмірлеу керек. Егер сурет біреу болса, «Сурет 1» деп белгіленеді, «сурет» сөзі мен оның атауы жолдың ортасына жазылады.

6.5.18 Суреттерді тарау ішінде нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда сурет нөмірі нүктемен бөлінген тарау мен суреттің реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: 1.1-сурет.

6.5.19 Керек жағдайда, суреттердің атауы және түсіндірме мәліметі болады. «Сурет» сөзі мен оның аты түсіндірме мәліметтерден кейін орналасады **(Д қосымша)**.

6.5.20 Суреттерге сілтеме жасағанда «2-суретке сәйкес» (тура нөмірлегенде), «2.1-суретте көрсетілгендей» (тарау ішінде нөмірлегенде) деп жазылу керек.

6.5.21 Көрсеткіштердің көрнекілігі мен салыстыру мүмкіндігін жақсарту үшін кестелер қолданылады. Кестенің аталуы оның мағынасын толық ашып, нақты және қысқа болу керек. Кестенің аты кестеден жоғары «кесте» сөзінен кейінгі жолда абзацтан бастап жазылу керек **(Е қосымша)**.

6.5.22 Кестені дипломдық жұмыста (жобада) ол туралы алғашқы рет айтылған мәтінінен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек.

6.5.23 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) барлық кестелерге сілтеме жасалуы керек. Сілтемеде нөмірі көрсетілген «кесте» сөзін жазу керек.

6.5.24 Көп жолдан тұратын кестені келесі бетке ауыстыруға болады. Кестені келесі бетке ауыстырғанда «кесте» сөзі мен нөмірін кестенің бірінші бөлігінің сол жақ үстіне жазады, қалған бөлігінің үстіне «жалғасы» деп жазып, кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы, «1-кестенің жалғасы». Кестені келесі бетке ауыстырғанда, оның атын тек бірінші бөлігінің үстіне жазады. Кесте бөлігін басқа бетке ауыстырғанда, төменгі горизонтал сызықты көрсетпейді. Бағандар саны көп кестелерді қосымшаға шығарған жөн.

6.5.25 Егер кестенің жолдарында (бағандарында) бір сөзден тұратын мәтін қайталанатын болса, бірінші рет жазылғаннан кейін оның орнына тырнақша қоюға болады, егер қайталанатын мәтін екі немесе одан көп сөзден тұрса, бірінші қайталауда оның орнына «Дәл сондай» сөзі жазылып, ары қарай тырнақша қойылады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, таңбалардың, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақша қоюға рұқсат етілмейді. Егер кестенің қандай да бір жолында мәліметтер келтірілмесе, сол ұяшыққа сызықша қойылады.

6.5.26 Қосымшалардағы кестелерден басқа кестелерді араб цифрларымен нөмірлеу керек.

6.5.27 Кестелерді тарау ішінде нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда кесте нөмірі нүктемен бөлінген тарау мен кестенің реттік нөмірінен тұрады.

6.5.28 Кесте бағандары мен жолдарының атаулары бас әріппен жекеше түрде жазылады. Тақырыпшалар негізгі атаулармен бір сөйлемді құраса - кішкентай әріппен, жеке өзіндік мағынада болса -бас әріппен жазылады. Кестедегі атаулар мен тақырыпшалардың соңында нүкте қойылмайды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 16-беті

6.5.29 Кестелерді сол, оң және төменгі жағынан, ереже бойынша, сызықтармен шектейді. Мәтіндегіге қарағанда кестеде қаріптің кіші өлшемін қолдануға рұқсат етіледі. Бағандардың атауларын кесте жолдарына параллель орналастырады. Қажет жағдайда атауларды жолдарға перпендикуляр бағытта жазуға рұқсат етіледі. Кестенің басы басқа бөліктерінен сызық арқылы бөлінеді.

6.5.30 «Ескертпе» сөзі бас әріппен және абзацтың басынан сиретіп жазылады және асты сызылмайды.

6.5.31 Ескертпелер дипломдық жұмыста (жобада) мәтін мазмұнын, кестені немесе графикалық материалды түсіндіру үшін немесе анықтамалық мәліметтер қажет жағдайда келтіріледі.

6.5.32 Ескертпелер оларға байланысты мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе кестеде келтіріледі. кестедегі графикалық, тексттік материалдан кейін жазу керек. Егер ескертпе біреу болса, онда «Ескертпе» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескертпе бас әріппен жазылады. Жалғыз ескертпе нөмірленбейді. Бірнеше ескертпені ретімен араб цифрларымен нүктесіз нөмірлейді. Кестеге қатысты ескертпені кестені төменгі жағынан шектейтін сызықтың жоғарғы жағына орналастырады.

6.5.33 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөліп жеке жолға жазу керек. Әр формула мен теңдеудің жоғарғы және төменгі жағынан кемінде бір бос жол қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол (=), (+), (x), (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін жазылып, сол белгі келесі жолда қайталану керек.

6.5.34 Символдар мен сандық коэффициенттердің түсініктемелерін формуладан кейін, формуладағы ретпен келтіру керек.

6.5.35 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) формулалар рет-ретімен араб цифрларымен нөмірленеді, нөмірлер формула тұрған жолдың шеткі оң жағына жай жақша ішіне орналастырылады.

6.5.36 Формулалардың нөміріне берілетін мәтіндегі сілтемелер жақшамен беріледі. Мысалы, «...(1)-формулада...».

6.5.37 Формулаларды тарау ішінде нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда формуланың нөмірі нүктемен бөлінген тарау мен формуланың реттік нөмірінен тұрады, мысалы, (3.1).

6.5.38 Пайдаланылған әдебиеттерге жасалатын сілтемелерді төртбұрышты жақшада келтіру керек, мысалы: [1].

6.5.39 Әдебиет көздері бойынша мәліметтерді олардың дипломдық жұмыста (жобада) кездесу реті бойынша араб цифрларымен нүктесіз нөмірлеп, абзацтан бастап жазу керек. Әдебиет **Ж қосымшасына** сәйкес ресімделеді.

6.5.40 Қосымшаларды дипломдық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретінде соңғы беттерде ресімдейді.

6.5.41 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) барлық қосымшаға сілтеме берілу керек. Қосымшаларды мәтіндегі сілтемелер ретімен орналастырады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 17-беті

6.5.42 Әр қосымшаны жаңа беттен бастап, беттің жоғарғы жағының ортасына «Қосымша» сөзі мен белгілеуін жазады. Қосымшаның атауы болуы керек, оны мәтінге қатысты симметриялық орналастырып, жеке жолға бас әріптермен басылады. Егер дипломдық жұмысқа (жобаға) бір қосымша берілсе, оны белгілеуге болады.

6.5.43 Қосымшалар орналасқан беттердің нөмірленуі дипломдық жұмыс беттерінің нөмірлерін жалғастырады.

6.6 Дипломдық жұмысты плагиатқа тексеру тәртібі

6.6.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) плагиатқа тексерудің мақсаты – білім алушылардың өз бетімен және ғылыми-зерттеу жұмыстарының үрдісін жетілдіру, студенттердің ғылыми деңгейін арттыру, ақпараттық құзыреттілігі мен өзіндік менеджмент құзыреттілігін дамыту, әдебиеттермен мінсіз жұмыс жүргізу мен ғылыми еңбекке таза көқарас қалыптастыру және ғылыми этиканы сақтау.

6.6.2 Студенттердің дипломдық жұмысты (жобаны) орындау кезінде авторлық құқық бұзушылыққа байланысты қарым-қатынасын реттейді.

6.6.3 Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде студент жеке ізденіс пен талдау негізінде ақпаратпен жұмыстың ғылыми әдістерін қолдана отырып мәтін құру керек. Басқа адамның идеясы мен мәтінін қолданған жағдайда, дипломдық жұмыстарды (жобаны) дайындау және рәсімдеу туралы бекітілген ережеге сәйкес студент қолданылған материалға сілтеме жасауы тиіс.

6.6.4 Осы ережемен реттелетін академиялық нормаларды бұзушылыққа келесі жатады:

- жазба жұмыстарында басқа автордың мәтіні мен идеясын (плагиат) сілтемесіз қолдану;

- материал мен жұмыс нәтижелерін фабрикациялау.

6.6.5 Плагиат екі түрде жүзеге асады:

- өзгенің мәтінін сөзбе-сөз баяндау;

- астарлап айту – бөгде мәтінді мағынасын сөздер мен сөйлемдерді ауыстыру арқылы баяндау.

6.6.6 Университет бітірушілерінің қорытынды біліктілік жұмыстарын орындауы оқу үдерісінің тиімділігі үшін қажетті шарты болып табылады.

6.6.7 Бітірушілердің қорытынды біліктілік жұмыстарын плагиатқа тексеруді бітіруші кафедраның менеджері (Норма бақылаушы) тиісті бөлімге жинап тапсырады.

Қорытынды біліктілік жұмыстарын «Антиплагиат» жүйе арқылы плагиатқа Ережеде көрсетілген мерзімде тексеру бітірушінің жауапкершілігіне жатады.

6.6.8 Қорытынды біліктілік жұмыстарын «Антиплагиат» жүйе арқылы бітірушіге «Бөтен мәтіннің бар-жоғына мәтіндік құжатты тексеру нәтижелері туралы» анықтама қағаз жүзінде беріледі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 18-беті

6.6.9 Қорытынды біліктілік жұмысының плагиатқа тексеру нәтижелерін талдау негізінде ғылыми жетекші жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

6.6.10 Егер плагиатқа тексеруден кейін кемшіліктер жойылмаса, немесе білім алушының Ережеде көрсетілген мерзімде түрлі себептермен плагиатты жоюға қабілетсіздігі айқындалса, қорытынды біліктілік жұмыстары қорғауға жіберілмейді, қайта өңдеуге жіберіледі және қорғау мерзімі келесі жылға қалады.

6.6.11 Білім алушы оқу жоспарын орындамаған болып саналып, университеттен шығарылады.

6.6.12 Қорытынды біліктілік жұмыстарын «Антиплагиат» жүйесі негізінде тексеру 3 жұмыс күні мерзімде іске асады.

6.6.13 ББ дипломдық жұмыстарды қорғау бойынша АК жұмысы басталардан 1 ай бұрын студент дипломдық жұмысын «Антиплагиат» жүйесімен тексеруге ұсынады.

6.6.14 Түпнұсқадағы мәліметке жасалған сілтемелерді қосқанда бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 40%-дан аспаған жағдайда (дипломдық жұмыстың түпнұсқалығы 60%-дан асқан жағдайда), студентке көшірудің межелі нормаға сәйкестігі туралы анықтама береді.

6.6.15 Түпнұсқадағы мәліметке жасалған сілтемелерді қосқанда бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 40%-дан асып кетсе (қорытынды біліктілік жұмыстың түпнұсқалығы 60%-дан төмен болған жағдайда), студентке анықтама берілмейді.

6.6.16 «Бөтен мәтіннің бар-жоғына мәтіндік құжатты тексеру нәтижелері туралы» анықтамасы жоқ қорытынды біліктілік жұмыстар ағымдағы оқу жылында қорғауына деканат өкімімен рұқсат берілмейді.

6.6.17 Студент өз дипломдық жұмысын (жобасын) «Антиплагиат» жүйесімен белгіленген мерзімде тексеруге ұсынуы үшін жауапты.

6.6.18 «Антиплагиат» жүйесінен көтеріңкі бағаны жалған жолмен (әріптерді алмастыру, көрінбейтін символдарды пайдалану және т.б.) алуға талпыныс жасаған студент, яғни әрекеті дәлелдеген жағдайда қорғауға жіберілмейді.

6.6.19 Факультет деканы плагиат фактісінің табылуы туралы комиссиясының ұсынысы бойынша студентке қатысты тәртіп жазасын орнатады және ЖОО-ның басшылығы алдында тәртіп жазасын қолданылуы туралы өтініш етіледі.

6.6.20 Қорытынды баға қойғанда дипломдық жұмысты (жобаны) «Антиплагиат» жүйесімен тексеру нәтижелері ескереді.

6.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі

6.7.1 Дипломдық жұмыс (жобаны) алдын-ала қорғау үшін түлек шығаратын кафедраға ұсынылады.

6.7.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын-ала қорғау процесі аттестациялық комиссия (АК) жұмысы басталардан 4 апта бұрын студенттер

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 19-беті

мен ғылыми жетекшілердің (қажет жағдайда - ғылыми кеңесшінің) қатысуымен кафедраның ашық отырысында өтеді. Алдан ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен СМЖ ОҚПУ ПР 8.04-2023 «Үлгерімге ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу процесін басқару» процедурасының Ф.8.04-28 үлгісіне сәйкес рәсімделеді.

6.7.3 Алдын ала қорғаудан өткен және талаптарға сай рәсімделген, студент және ғылыми кеңесшілері қол қойған дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшіге беріледі.

6.7.4 Ғылыми жетекші **И қосымшаға** сәйкес дипломдық жұмысқа пікір жазады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қолдаған жағдайда, жетекші қол қойып, өзінің қорғауға жіберілгені туралы шешім жазылған пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне береді. Дипломдық жұмысты (жобаны) қолдамаған жағдайда, ғылыми жетекші оған қол қоймайды, қорғауға жібермеу туралы шешімін негіздейтін пікір жазады.

6.7.5 Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыс (жобаны) бойынша нақты шешім қабылдап, титул парағына қол қояды. Кафедра меңгерушісі студентті дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жібермеу туралы шешім қабылдаса, бұл мәселе студенттің және ғылыми жетекшінің міндетті түрде қатысуымен өтетін кафедра отырысында қарастырылады.

6.7.6 Кафедра қорғауға жіберген дипломдық жұмыс (жобаны) пікір (Рецензия) алуға жіберіледі.

6.7.7 Пікір берушілердің тізімдері кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі. Пікір берушілер ретінде өндіріс, ғылыми ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ, басқа жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері, оқытушылары тартылады.

6.7.8 Пікір берушілердің жоғары базалық білімі және/немесе қорғалып отырған дипломдық жұмыс бағытына сәйкес ғылыми немесе академиялық дәрежесі, ғылыми атағы болуы керек

6.7.9 Пікір беруші зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін, жаңалығын және практикалық маңызыдылығын; маман даярлау саласына, академиялық дәрежесі мен біліктілігіне сәйкестігін; зерттеудің өз бетінше орындалуын; қорытындылар мен ұсыныстардың бар-жоғын; мәселенің шешілу дәрежесін; зерттеудің толық орындалуын көрсетіп дипломдық жұмысқа пікір жазады. Пікірде балл-рейтинг жүйесі бойынша бағасы көрсетіліп, сәйкес академиялық дәрежесі мен біліктілікті тағайындау туралы қорытынды шығарылады (**К қосымша**).

6.7.10 Ғылыми жетекші қорғауға жіберген, бірақ пікір берушінің «F» - қанағаттанарлықсыз бағасына ие болған дипломдық жұмыс (жоба) жалпы шарттарға сәйкес қорғалады.

6.7.11 Дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей АК-ға ұсынылады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 20-беті

- дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшісінің "қорғауға жіберіледі" немесе "қорғауға жіберілмейді" деген дәлелді қорытындысы берілген пікірі;

- қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) жан-жақты мінездемесі және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген дәлелді қорытындысы және тиісті ББ бойынша "бакалавр" дәрежесін немесе біліктілігін беру мүмкіндігі туралы рецензия;

- бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

- дипломдық жұмысты (жобаны) бөтен мәтіннің бар-жоғына мәтіндік құжатты тексеру нәтижелері туралы анықтама.

6.7.12 АҚ-ға қажет болған жағдайда орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша әдістемелік әзірleme, ғылыми және практикалық құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, ауылшаруашылық өнімдері материалдарының, бұйымдарының үлгісі, минералдар коллекциясы, гербарийлер ұсынылады.

6.7.13 Дипломдық жұмыс (жоба) студенттің қалауымен қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде қорғалады.

6.7.14 Дипломдық жұмыс (жоба) заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық- коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер негізінде мультимедиялық көрсетілім түріндегі электрондық ресурстарды пайдалану арқылы қорғалуы мүмкін.

6.8 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау реті

6.8.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау реті Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және қорытынды аттестаттау университеттің академиялық саясатымен анықталады.

6.8.2 Дипломдық жұмыс (жоба) аттестаттау комиссиясының ашық отырысында, кем дегенде комиссия мүшелерінің жартысының қатысуымен қорғалады. Дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуы көпшілік түрде, студенттер мен кафедра оқытушыларының қатысуымен өтеді. Сонымен қатар, қорғауға ғылыми жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және тағы да басқа қызығушылық танытқан тұлғалар шақырылуы мүмкін.

6.8.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуы 30 минуттан аспау керек.

6.8.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін студент аттестациялау комиссиясының алдында 15 минуттан аспайтын уақыттық баяндама жасайды.

6.8.5 Дипломдық жұмысты (жобаны) сұрақ қою немесе пікір айту түрінде өткізілетін талқылауға отырғандардың барлығы қатысуына болады.

6.8.6 Талқылаудан соң комиссия хатшысы пікірлерді оқиды. Отырысқа қатысқан жағдайда ғылыми жетекші өзі сөз сөйлеуіне болады. Пікірлердегі ескертулерге студент негізделген жауап беру керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 21-беті

6.8.7 Диплом жұмысын (жобаның) қорғаудың нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтарын, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлерін назарға ала отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

6.8.8 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері әр студент бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделіп, қорғау болған күні жарияланады.

6.8.9 Диплом жұмысын (жоба) қорғау бағалары туралы сондай-ақ, академиялық дәреже тағайындау және біліктілік беру және мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім АҚ отырысына қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда АҚ төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.8.10 Диплом жұмысын (жобаны) қорғау барысында диплом жұмысы (жоба) "қанағаттанарлықсыз" деп есептелгенде, АҚ сол жұмысты пысықтап қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жұмысты жаңа тақырыппен әзірлеуге мүмкіндік береді. АҚ-ның бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

7 Тәуекелдерді басқару

Анықталған тәуекелдердің тізімі, «Дипломдық жұмысты (жобаларды) жазуға және орындауға қойылатын жалпы талаптар» процесінің тәуекелдерін бағалау және басқару.

№	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекел сипаттамасы	әсерінің	Қауіп-қатерді бағалау 1 - өте төмен (оқиға 5 жылда 1 реттен жиі болмайды); 2 - төмен (оқиға 4 жылда бір рет болуы мүмкін); 3 - орташа (оқиға 3 жылда бір рет болуы мүмкін); 4 - жоғары (оқиға алдағы екі жылда болуы ықтимал); 5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Тәуекелдерді төмендету шаралары	Жауапты	Мерзімдері
1	Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымы СМЖ талаптарына сәйкес келмейді	Аудиторлық барысындағы сәйкессіздіктер	тексеру	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	ДЖ құрылымы мен мазмұнын СМЖ талаптарына сәйкестігін тексеру	Студентті к нормаларды бақылау, ғылыми кеңесші,	Кестеге сәйкес
2	Дипломдық	Дипломдық	жұмыстың	3 - орташа (оқиға 3	ДЖ	Студент,	Кестеге

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 22-беті

	жұмыстың / жобаның зерттеу объектісінің өзектілігінің болмауы	/жобаның практикалық маңыздылығының болмауы	жылда бір рет болуы мүмкін);	тақырыптары н таңдағанда, студент тақырыптың өзектілігін негіздеуі керек	жетекші	сәйкес
3	Нысан мен зерттеу әдістерін дұрыс таңдау	Дипломдық жұмыстың жаңашылдығын, дәлдігін, объективтілігін және сенімділігін бұрмалауға әкеледі	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Ғылыми жұмыстар бойынша семинар өткізу	Студент, жетекші	Есеп беру кезеңінде
4	Ғылыми, патенттік және нормативтік акпаратты, диплом алды практикасы бойынша есептерді, курстық жұмысты жинау, өңдеу және талдаудың жеткіліксіздігі	Жаналықты бұрмалауға, зерттеу әдістерін кәте таңдауға, зерттелетін мәселенің объективтілігі мен сенімділігіне, қорытындылар мен зерттеу нәтижелеріне әкеледі.	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Ғылыми жұмыстар бойынша семинар өткізу	Кафедра меңгерушісі, Ғылыми жетекші	Есеп беру кезеңінде
5	Дипломдық жұмысты жазу мен ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулардың болмауы	Дипломдық жұмыстың (жобаның) кеш аяқталуы	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Ғылыми жұмыстар бойынша семинар өткізу	Кафедра меңгерушісі	Есеп беру кезеңінде
6	Нормативтік құжаттардың кафедра меңгерушілері мен профессорлық - оқытушылық құрамының білмеуі	Кафедра меңгерушілері мен оқытушылардың Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ СМЖ талаптарын орындамауы	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Ғылыми жұмыстар бойынша семинар өткізу	АқІД директоры	Есеп беру кезеңінде

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 23-беті

А қосымшасы

(міндетті)

Дипломдық жұмыс (жоба) жазуға білім алушының өтінішінің үлгісі

Кафедра меңгерушісіне

(т.а.ә.)

ББ шифры-ББ атауы

_____курс _____тобының білім
алушы

(т.а.ә.)

Өтініш

Маған _____ тақырыбындағы дипломдық жұмысты (жобаны)
(дипломдық жұмыстың тақырыбы)

_____ ғылыми жетекшілігімен орындауға рұқсат беруіңізді
(жетекшінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі)

сұранамын.

Білім алушының қолы
Күні

Келісемін:

_____ ғылыми жетекшісі _____

_____ кафедра меңгерушісі _____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 24-беті

Б қосымшасы

(міндетті)

Дипломдық жұмыс (жоба) мұқабасының үлгісі

Ө.ЖӘНІБЕКОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

(білім алушы аты-жөні)

(тақырыбы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА)

Білім беру бағдарламасы: _____
(шифры, атауы)

Шымкент 20__

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 25-беті

В қосымшасы

Дипломдық жұмыс (жоба) титул парағының үлгісі

Ө.ЖӘНІБЕКОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Қорғауға жіберілді»

_____ Кафедра меңгерушісі

_____ Ф.А.Ә.

« ____ » _____ 20 ____ ЖЫЛ

Күн батареясының спектрлік сезгіштігі мен пайдалы әсер коэффициентіне
температураның әсерін зерттеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА)

Білім беру бағдарламасы: _____
(шифры, атауы)

Орындаған

Ф.А.Ә.

Ғылыми жетекші т.ғ.д.,
профессор

Ф.А.Ә.

Норма бақылаушы

Ф.А.Ә.

Шымкент 20__

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 26-беті

Ф.7.06-02

Г қосымшасы

Дипломдық жұмысты (жоба) орындауға тапсырма парағының үлгісі

Ө.ЖӘНІБЕКОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____ **ФАКУЛЬТЕТІ**

_____ **КАФЕДРАСЫ**

_____ **ББ**

(ББшифры, атауы)

Дипломдық жұмысын (жобаны) орындау үшін ТАПСЫРМА

Білім алушы _____
(аты-жөні)

Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы _____

Жоғары оқу орны бойынша «__» _____ № ____ бұйрықпен бекітілген.

Дипломдық жұмысқа (жобаға) қажет мәліметтер:

Дипломдық жұмысының (жобаның) қысқаша мазмұны:

1. _____
2. _____
3. _____

4. Қорытынды

Графикалық материалдар тізімі: (міндетті сызбалар мен кестелердің дәл көрсетілуімен)

Ф.7.06-03

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 27-беті

Г қосымшасының жалғасы

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

Жұмыстың әр бөліміне қатысты кеңесшілері

Бөлім	Кеңесші	Мерзімі	Қолы

Диплом жұмысы (жоба) дайындығының графигі

№	Бөлімнің аталуы, қарастырған сұрақтар тізімі	Ғылыми жетекшіге тапсыру мерзімі	Ескерту
1			
2			

Тапсырманың берілген уақыты _____

Кафедра меңгерушісі _____
(қолы) (аты-жөні)


Дипломдық жұмыс (жоба) жетекшісі _____
(қолы) (аты-жөні)

Тапсырманы алған білім алушы _____
(қолы) (аты-жөні)

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 28-беті

Д қосымшасы
(анықтама)

Суретті рәсімдеу үлгісі



Сурет 1. Қимылдардың қызметтерінің қатынастық бейвербальді белгісі ретінде

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 29-беті

Е қосымшасы
(анықтама)
Кестені рәсімдеу үлгісі

Кесте 1
Астрофизикада зерттелетін электромагниттік сәулелену

Спектрдің облысы	Толқын ұзындығы	Жер атмосферасынан өтуі	Зерттеу әдісі	Қабылдағыш құралдар
Гамма сәулелер Рентген сәулелер	$0,1 \text{ \AA}^0$ $0,1-100 \text{ \AA}^0$	Күшті жұтылады – // –	Атмосферадан тыс зерттеу әдістері (космос-тық ракеталар, ЖЖС)	Фотоэмульсия, ионизациялық камералар, фотон санағыштар
Қысқа толқынды ультракүлгін сәулелер	$100-3100 \text{ \AA}^0$	– // –	– // –	Фотоэмульсия, фотоэлектрондық көбейткіштер
Ұзын толқынды ультракүлгін сәулелер	$3100-3900 \text{ \AA}^0$	Аз жұтылуы	Жер бетінен	Фотоэмульсия, фотоэлектрондық көбейткіштер
Көрінерлік сәулелер	$3900-7600 \text{ \AA}^0$	– // –	– // –	Көз, фотоэмульсия, фотокадаттар
Инфрақызыл сәулелер	0,76-15 м км	H ₂ O, CO ₂ , басқа молекулалардың жұтылу сызықтарында күшті жұтылады	Кейбір облысын жер бетінен Аэростаттардан	Болометрлер, терморпаралар, арнаулы фотоэмульсия және фотокадоттар
Радиотолқындар	15мкм-1мм 1мм ұзын	Толқын ұзындығы: 1мм, 4,5мм, 8мм және 1см-20м жұтылмайды	Жер бетінен	Радиотелескоптар

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 30-беті

Ж қосымшасы

(анықтама)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі

Библиографиялық сипаттаманың қысқаша сызбасы

Сипаттама тақырыбы. Негізгі атауы: тақырыпқа қатысты мәліметтер / Жауапкершілік туралы мәліметтер. – Басылым туралы мәліметтер. –Басылым орны: баспа, басылым күні. - Көлемі.

Сипаттама тақырыбы - автордың тегі мен аты-жөні.

Негізгі атауы -кітаптың тақырыбы, ал тақырыпқа қатысты ақпарат-жанрдың түсіндірмесі, басылым түрі, *мысалы*, мақалалар жинағы, оқу құралы және т. б.

Жауапкершілік туралы мәліметтер - бұл авторлар, аудармашылар, редакторлар және/немесе осы жарияланым үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын ұйым туралы ақпарат.

Басылым туралы мәліметтер - құжаттың сапалық және сандық сипаттамасын камтиды – қайта өңделген, стереотиптік, 2-ші және т. б.

Басылым орны - қаланың атауы. Мәскеу мен Санкт-Петербург қысқартылады (М.,СПб), барлық басқа қалалар толығымен жазылады (Қарағанды, Алматы): **баспа**-тырнақшасыз баспаның атауы *мысалы*, Академия.

Басылым күні кітаптың басылған жылын білдіреді.

Көлемі-бұл кітаптағы беттер саны.

Библиографиялық сипаттаманың мысалдары

Кітаптар мен оқу құралы

1 Жетесова, Г. С. Модель качества ESM : монография / Г. С. Жетесова. - Караганда: КарГТУ, 2017. - 133 с.

2 Магнитные методы оценки содержания оксида железа в углях : монография для магистрантов / М. К. Ибатов [и др.] ;. - Караганда : КарГТУ, 2017. - 213 с.

3 Бруяка, В.А. Инженерный анализ в Ansys Workbench : учебное пособие / В.А. Бруяка, В.Г. Фокин, Я.В. Курвева. – Самара: СГТУ, 2013. – 148 с.

Монография

1 Криворучко, Д.В. Моделирование процессов резания методом конечных элементов: методологические основы [Текст]: монография / Д.В. Криворучко, В.О. Залого. – Сумы: Университетская книга, 2012. – 496 с.

Кітап ағылшын тілінде

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 31-беті

1 Reznikov, N., Reznikov, L.A. Thermal processes in technological systems. – Moscow: Mechanical Engineering, 1990. – 288 p.

Ж қосымшасының жалғасы

Жинақтар:

1 Использование технологий дистанционного обучения в высшей школе : научные труды международ. практ. конф. (16-17 сент. 2009 г.) / М-во образования и науки РК, Карагандинский государственный технический университет; ред. коллегия: А. М. Газалиев, А. З. Исагулов, В. В. Егоров и др. - Караганда: КарГТУ, 2009. - 491 с.

Аналитикалық библиографиялық сипаттама

Аналитикалық библиографиялық сипаттама - бұл құжаттың бір бөлігінің библиографиялық сипаттамасы (мерзімді басылымнан алынған мақалалар, кітаптан тарау, бөлім, оқулықтан абзац).

Құжаттың құрамдас бөлігі туралы мәліметтер // Сәйкестендіруші құжат туралы мәліметтер. - Құжаттағы құрамдас бөліктің орналасқан орны туралы мәліметтер.

Журналдан (газеттен) мақала:

1 Аубакирова, Г. М. Влияние цифровых технологий на конкурентоспособность страны: опыт Казахстана [Текст] / Г. М. Аубакирова ; Карагандинский государственный технический университет, Кафедра "Инженерное предпринимательство и маркетинг" // Экономист. - 2018. - № 6. - С. 85-95.

2 Улучшение технологических характеристик песчано-глинистых форм при уплотнении воздушным потоком / А. З. Исагулов [и др.] // Литье и металлургия. - 2018. - № 1 (90). - С. 75-77.

3 Жетесова, Г. С. Анализ казахстанской системы высшего образования: текущая ситуация и проблематика / Г. С. Жетесова // Наука и образование - ведущий фактор стратегии "Казахстан - 2030" (Сагиновские чтения № 2): труды междунар. науч. конф. 24-26 июня 2010 г. - Караганда : КарГТУ, 2010. - Ч. 2. - С. 73-75.

Журнал ағылышын тілінде

1 Sherov T., Donenbayev B.S., Ainabekova S.S. Experimental Research of Rotational and Frictional Boring of Big Holes in Large Parts // Journal of Theoretical and Applied Mechanics, 2017. Vol. 47, No. 4.P. 75-85.

Диссертация

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 32-беті

1 Демин, В. Ф. Создание технологии эффективной выемки маломощных и сложноструктурных пластов с использованием шахтной породы: дис. ... д-ра техн. наук : 25.00.22 / В. Ф. Демин ; науч.конс. С. С. Квон. - Караганда, 2004. - 289 л. : ил.

Ж қосымшасының жалғасы

Диссертацияның авторефераты

1 Исагулов, А. З. Динамические и импульсные процессы и машины для уплотнения литейных форм : автореф. дис д-ра техн. наук : 05.16.14 / А. З. Исагулов. - М., 1999. - 68 с.

Стандарт

1 ГОСТ 10749.1-80. Спирт этиловый технический. Методы анализа. — Взамен ГОСТ 10749-72; Введ. 01.01.82 до 01.01.87. — М.: Изд-во стандартов, 1981. — 4 с.

Интернеттегі электронды басылымдардың библиографиялық сипаттамасы

Автор(лар)дың аты-жөні. Негізгі атауы [Электрондық ресурс]: нақтылау тақырыбы. - Басылымның орны, күні. – Қол жеткізу режимі:

1 **Библиотека** электронных ресурсов Исторического факультета МГУ им. М.В. Ломоносова [Электрон. ресурс] / ред. В. Румянцев. — М., 2011. — Режим доступа: <http://www.hist.msu.ru/ER/index.html>

Интернет желісіндегі электрондық журналдан мақала

1 Цикл Деминга (PDCA) / А. С. Селиверстов [и др.] // Молодой ученый. — 2019. — № 8 (246). — С. 98-99. — URL: <https://moluch.ru/archive/246/56781> (дата обращения: 19.11.2020).

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 33-беті

И қосымшасы

Дипломдық жұмыс (жоба) жетекшісінің пікірінің үлгісі

_____ ББ бойынша оқитын _____
(білім алушының аты-жөні)
«_____» ТАҚЫРЫРЫБЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСЫНА (ЖОБАҒА)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА) ЖЕТЕКШІСІНІҢ
ПІКІРІ

Білім алушы _____

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ

(ғылыми дәрежесі) (қолы) (аты-жөні)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА) БОЙЫНША КАФЕДРАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

БІЛІМ АЛУШЫ _____ ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСЫ (ЖОБА) ТЕКСЕРУДЕН
ӨТТІ.

(АТЫ-ЖӨНІ)

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯ АЛДЫНДА ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ.

«_____» КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕНГЕРУШІСІ,

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 34-беті

(ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ)

(ҚОЛЫ)

(АТЫ-ЖӨНІ)

Ф.7.06-04

К қосымшасы

Білім алушының дипломдық жұмысына (жобаға) рецензия жазу үлгісі

**Ө.ЖӘНІБЕКОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**_____ **ФАКУЛЬТЕТІ**_____ **КАФЕДРАСЫ****Білім алушының дипломдық жұмысына (жобаға)****РЕЦЕНЗИЯ**

Құрметті _____ !

Сізге Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушы _____ -
 _____ ББ бойынша «_____» тақырыпта жасаған дипломдық

 (ББ шифры, атауы)

жұмыстың (жобаның) сапасына рецензия беруге жіберіліп отыр.

Рецензияға келесі сұрақтарға көңіл бөлуіңізді сұраймыз.

1. Дипломдық жұмыстың (жоба) тақырыбы және мазмұны мамандық бойынша берілетін квалификацияға сәйкес келуі.
2. Тақырыптың өзектілігі, жаңа мәселелерді қамтитындығы және қолданбалы маңыздылығы.
3. Зерттеу жұмысының өз бетімен орындалғандығы.
4. Қойылған мәселелердің шешілу дәрежесі, мақсаттың орындалуы және зерттеу жұмысының біткендігі.
5. Талдаулардың, қорытындылардың және ұсыныстардың жұмыста болуы.
6. Зерттеу жұмысының барысында отандық және шетелдік авторлардың әдебиеттерін пайдаланғандығына.
7. Зерттеу жұмысының сауатты жазылып, сапалы дайындалғандығы.
8. Келтірілген графикалық суреттемелердің, кестелердің сапасы, талаптарға сай болуы.
9. Табылған қателерді атап, сын ескертпелерді келтіру.
10. Зерттеу жұмысқа жалпы баға беру (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық және т.б.)

Жазған рецензияңызды «_____» _____ 20__ ж. кешіктірмей беруіңізді сұранамыз.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	36 беттің 35-беті

Факультет деканы
М.О

(қолы)

(аты-жөні)

Ф.7.06-05

К қосымшасының жалғасы

_____ - _____ ББ бойынша оқитын
(білім алушының аты-жөні)

« _____ » тақырырыбында жазылған дипломдық жұмысына
(жобаға)

РЕЦЕНЗИЯ

РЕЦЕНЗИЯ ЖАЗУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ: _____

ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ АТАҒЫ: _____

ЖҰМЫС ОРНЫ: _____

ҚЫЗМЕТІ: _____

ҚОЛЫ: _____

Рецензиямен таныстым

(білім алушының қолы, күні)

(аты-жөні)



Сапа менеджменті жүйесі
Дипломдық жұмысты (жоба)
жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар
туралы ереже

Л қосымшасы
(міндетті)

[illegible]